

КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Біржақты түсінік. 2-бөлім

5-тарау. Біржақты түсінік



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 19. Біржақты түсінік, 2-бөлім

Көрегендіктің кемелденуі

Біз күн сайын түрлі адамдармен – ер адамдар, әйелдер, жастар, қарттар, қара нәсілділер, ақ нәсілділер, азиаттар, латынамерикалықтар, гетеросексуалдар, гейлер және лесбиянкалар, толық адамдар, арық адамдар, мұсылмандар, католиктер, еврейлер және т.б. жандармен өзара қарым-қатынас жасаймыз. Біздің «олар барлығы бір-біріне ұқсайды» деген біржақты түсінігіміз олардың мінездері мен іс-әрекетін айқындауға бағытталған іс-әрекетімізге жиі әсер етеді. Мысалы, көз алдыңызға елестетіп көріңіз, біз сізбен ешқашан кездеспегенбіз, бірақ ортақ танысымыз маған сіздің түсіңіз суық, мінезіңіз тұйық, сабырлы адам екеніңізді ескертіп қойды. Енді танысатын уақытымыз келген кезде мен ара қашықтық сақтап, жылдам сөйлесіп кетуге тырыспаймын. Ал енді сіз шын мәнінде кең пейілді және тез тіл табысатын адамсыз деп болжайық. Бірақ менің іс-әрекетім сізге осы қасиетіңізді көрсетуге ешқандай мүмкіндік бермейді. Сондықтан сіз де менің қылығыма сәйкес ара қашықтық сақтайсыз. Осы себептен менің сіз туралы салқын, қабағы ашылмайтын, ынтымақтастық іздемейтін адам деген ойларым дәлелдене түседі.

Бұл көп жағдай ішіндегі «сенім – шындықты тудыратын» бір жағдай ғана. Біз өзге адамдар туралы қатаң сенім мен стереотиптерді ұстанатын болсақ, іс-әрекетіміз оларды алғаш көргендегідей мінез көрсетуге мәжбүр етеді. Әлеуметтанушы Роберт Мертон осындай өзін-өзі жүзеге асыратын көрегендік «қателіктер патшалығының» пайда болуына әрі мәңгі есте сақталуына себепкер болады деп қарастырады. Егер адамдар «әйелдер пікірталасқа тым құмар не дәлелшіл, ал қара нәсілді адамдар жалқау және ақымақ» деген стереотиптерді ұстанса, онда бұл адамдар осы топ өкілдерімен сәйкесінше қарым-қатынас жасап, сол стереотиптерге байланысты икемденуге еріксіз мәжбүр болады.

Әрине, барлығымыз басқа топ өкілдеріне қатысты мұндай қатаңдықты ұстанбаймыз. Біз көп жағдайда қоғамдық пікірлерді шартты түрде ғана қабылдаймыз және олардың шындыққа сәйкестігін анықтауға тырысамыз. Көбінесе біз басқа адамдар қандай деген болжамымызды олармен өзара қарым-қатынас арқылы анықтаймыз. Бірақ болжамды тексеру стратегияларына тән әртүрлі интеллектуалды тұзақтар бар. Сондықтан өзге адамдар туралы бастапқы болжамымыз қате болған күннің өзінде, бұл стратегиялар дәлелденген фактілер беруі мүмкін. Өткен дәрістерде айтылған Марк Снайдер мен Уильям Суонның экспериментін еске алайық. Сол эксперименттердің бірінде тұлғаның экстраверт типіне сәйкес келетіні туралы болжамды тексеру үшін адамдар «экстраверттік» сұрақтарды таңдаған. Ал тұлғаның интроверт типіне жататыны туралы болжамды тексерген кезде, оларға «интроверттік» сұрақтар қойылды. Естеріңізде бар шығар, Снайдер мен Суон сұрақ қою табиғатының өзі жауапты анықтауға көмектесетінін айтқан. Басқаша айтқанда, экстраверт, интроверт типтеріне жатпайтын адамдар, бірінші тип сұрақтарына жауап беру барысында – экстраверт типіне, соған сәйкес екінші тип сұрақтарына жауап беру барысында интровертке жатқызылатын болып көрінеді.

Жалпы алғанда, жоғарыда көрсетілген зерттеулердің нәтижелері стереотиптердің өзгеріске қарсылық көрсететінін еркін түсінуге көмектеседі. Біз өзгелерге сенім білдіргенде, өздігінен жүзеге асатын көрегендік біз қалайтын қатынастарға жауап беретін әлеуметтік шындықты қамтамасыз етеді. Әйелдерді ерлерге қарағанда «көбірек эмоциялы» деп бағалайтын болсақ, біз осы стереотипті дәлелдейтін мысалдарды әйел бойынан байқауға, табуға тырысамыз. Бірақ көп адам ашуланған кезде жылап, футбол матчтарында шаттанып кететінін, әйел басшылар, саясаткерлер мен жоғары лауазымды адамдар тендер ұтып алғанда эмоциясын сақтай білетінін естен шығарамыз. Тіпті, шындыққа толық көзіміз жеткен кездің өзінде, сенімдеріміздің нақтылығын тексеру үшін, бейсаналы түрде болса да, сол сенімдерді анықтайтын «тексерілген» стратегияларды қолданамыз.

Біздің мәдениетімізде қарапайым стереотиптердің әсерінен туындайтын, өздігінен жүзеге асатын көрегендік нәтижелерінің бірі жағымсыз стереотиптердің нысаны болған адамның соны жоюға тырысқанмен, керісінше оларды дәлелдей түсетінін көрсетеді. Бір айқын мысал келтірейік: колледжде оқитын ақ нәсілді студенттер мен қара нәсілді студенттердің академиялық нәтижелерінде көрнекі айырмашылық байқалады делік. Дегенмен бұл құбылыстың көптеген тарихи және әлеуметтік себебі бар. Бірақ Клод Стил и Джошуа Аронсон ақ және қара нәсілді студенттердің біліміндегі айырмашылық колледждегі жоғары деңгейлі студенттер мен төмен деңгейлі студенттер



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 19. Біржақты түсінік, 2-бөлім

үшін жағымды жағдай екеніне біраз дау айтты. Алайда білігі жоғары қара нәсілді студенттің қабілеті мен дайындығы жетіп тұрса да, өздеріндей ақ нәсілді студенттер жеткен жоғары академиялық нәтижелерге жетуге кедергі жасайтын бір нәрсе бар сияқты.

Осы мәселелердің ақ-қарасын ажырату барысында, Стил мен Аронсон «қара нәсілді студенттердің артта қалуына әсер ететін басты фактор «зияткерлік жетіспеушілік» туралы жағымсыз стереотиптерді дәлелдеу қорқынышы болуы мүмкін», – деді. Бұл жағдайды олар стереотип қауіпі деп атады. Олар қосымша қауіптің ауыртпалығы студенттердің дәстүрлі сынақтарды жақсы орындап шығуына кедергі келтіреді дейді. Бір экспериментте олар қара нәсілді студенттер үшін арнайы күрделі ауызша тест өткізген. Студенттердің жартысы зерттеуші олардың зияткерлік қабілеттерін тексеріп жатыр деп ойласа, ал екінші жартысы зерттеуші жай ғана тестіні тексеріп жатыр, олар студенттердің қабілеттерін сынақтан өткізуге ешқандай қатысы жоқ деп сенді. Алынған нәтижелер түсінікті. Ақ нәсілді студенттер олардың қабілеттерін тексеру немесе тексермеуіне қарамастан, тапсырманы бірдей жақсы орындаған. Ал қара нәсілді студенттер сынақтың сипатына қарай көп қиналды, жағдайға сай қара нәсілді студенттердің ойында стереотиптер бас көтерді де, олар уайымға беріліп, сынақтың шамамен жартысын ғана тәмамдады. Олардың күші – міне, осында. Адамдар өздерінің іс-әрекеттері өзінің не оның айналасындағы адамдардың жағымсыз атағын дәлелдейді деп ойласа, бас көтерген уайым оның орындалуына кедергі келтіреді.

Стереотиптік қауіптің әсері афроамерикалықтармен шектелмейді. Зерттеушілер басқа топтарға қатысты осындай ұқсас нәтижелер тапқан, яғни математикалық мәселелермен жұмыс істейтін әйелдер табиғатында ерлер математикаға мықты деген стереотиптерге бой алдырады екен, ал ауызша қабілеттерді зерттейтін латынамерикалықтар өздеріне қарағанда ағылшындардың сөздік қоры бай деп ойлайды. Стил мен Аронсонның пікірінше, шындығында, басқа бір топқа есесін жіберіп қоятын стереотипке бағынған қандай да бір топ стереотиптік қауіпке көп мүмкіндігін жұмсайды екен. Бұл белгілі бір талапқа сай стандарттары бар топтың өзінде де болуы мүмкін. Мысалы, Джошуа Аронсон мен әріптестері математикалық қабілеттері бойынша жақсы бағаға ие, ақ нәсілді инженер ер адамдарға қиын математикалық тест (SAT) өткізді. Сынақ алдында бұл тест олардың математикалық қабілеттерінің көрсеткіші болатынын ескертті. Инженерлердің жартысы стереотиптік қауіпке бой алдырды: экспериментші оларға нәліктен азиялықтардың математикалық қабілеті жоғары екенін түсінуге тырысатынын айтты. Бұл топтың нәтижелері сынақ барысында айтарлықтай төмендеді. Осы жайт стереотиптік қауіптің жағдайға байланысты сипатының маңызды екенін растайды. Ал осындай ақ нәсілді инженер мамандығы студенттерін қара нәсілділермен немесе латынамерикалықтармен салыстыру өрескел жағдай болып саналады. Олар күн сайын кез келген академиялық ортадағы осындай салыстырулармен күресуде. Мұндай тәжірибесі мол болашақ инженер студенттердің де стереотиптік қауіпті сезінетіндерін ескере келе, академиялық нәтижелері төмен қара нәсілділер мен латынамерикалықтардың қабілеті жетіспейді деген қорытынды жасамас бұрын, екі рет ойланған жөн болар.

Зерттеулер аңғартқандай, стереотиптерге қарсы ойлау тиімділігін арттыруға болады. Мысалы, қара нәсілді сыналушыларға сондай стереотипті топтан атақты қара нәсілді интеллектуал В.Е.Б. Дюбуа, атақты қара нәсілді астрофизик Нил де Грасс Тайсон немесе қара нәсілді бақылаушы әкім, т.б. туралы суреттер көрсетіп немесе пікір айтып, олардың жақсы нәрсеге еліктеулеріне және белгілі бір қиындықтарын жеңуіне көмектесу керек.

Осындай жолмен студенттерге олардың қабілеттерін түзету емес, жақсарту керек екенін, тіпті, осындай топтар арасында дәстүрлі бақылау жүргізу алдында стереотиптерге сай уайымға берілетіндерін айтса, бұл сынақ үрейінен арылуға көмектесіп, нәтижелерді жақсартады.

Құрбанды айыптау

Қандай да бір біржақты түсінікті ешқашан сезініп көрмеген адамдар үшін өзін соның құрбаны ретінде елестету әрқашан оңай бола бермейді. Әсіресе, өзін салыстырмалы түрде қауіпсіз сезінетін көпшілікке эмпатия оңай емес. Олардың жалған сезім құрбанына жаны ашуы, біржақты түсініктер болмауын тілеуі мүмкін. Бірақ олардың қарым-қатынасында кінәні құрбанға арту, сөйтіп, өз ісінің



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 19. Біржақты түсінік, 2-бөлім

дұрыстығына деген сенімділік бар болады. Бұл процесс «лайықты бедел» туралы пайымдар түрінде көрсетілуі мүмкін. Мысалы, «адамзат тарихында еврейлер үнемі қысым құрбандары болса, демек, олар бір нәрсені дұрыс істемеген» немесе «бір әйелді зорланса, демек, бұл араңдатушылыққа оның өзі себепкер болуы мүмкін», «осы адамдар басына іс түскенін қаламаса, не себепті солай болмауы керек...».

Осындай болжамдар «бөтендер» көпшілікке арналған талаптарға қарағанда неғұрлым қатаңдау нормаларға бағынуы тиіс деген талапты қамтиды.

Алайда құрбандарды олардың басына түскен қиын жағдайды олардың жеке тұлғалық қасиеттерімен және қабілеттердің жоқтығымен белгілеп, шабуылдың объектілері болғанына айыптау үрдісі көбінесе әлемді әділдік патшалығы ретінде көруді қалаумен ынталандырылған болып келеді. Мелвин Лернер мен әріптестері көрсеткендей, адамдар белгілі бір себептермен түсіндіру қиынға түсетін қандай да бір әділетсіздікті – оның құрбанына айналған адамның жеке жауапкершілігі деп есептеуге бейім. Мысалы, егер екі адам бірдей тапсырманы бірдей ынтамен орындап болса және олардың біреуі тиын лақтыру арқылы елеулі сыйақы алатын болса, екіншісіне ештеңе бұйырмаса, онда сырттан бақылаушылар екінші адам біріншісінен азырақ ынтамен жұмыс жасады деп санауға бейім болады. Осыған ұқсас, кедейлердің және жұмыссыздардың басындағы ауыртпалықтарға олардың өздерін айыптаудағы кері ұстанымдар әлемнің әділдігіне қатты сенетін адамдарда көп байқалады. Адамдар мүлде ештеңеге кінәлі емес, өздеріне лайықтыдан немесе ең қажеттіден мақұрым қалған әлемде өмір сүріп отырғанымыз туралы ой бізді қорқытатыны анық.

Ронни Янофф-Булман мен әріптестері бірнеше эксперимент жасап, «зорлау құрбандары өз сорына өзі жауапты» деген пікірдің адамдар арасында өршуіне теріс көзқарастар күшін көрсетті. Экспериментке қатысушылар колледж аудиториясында жолыққан ер адам мен әйел туралы оқыды. Жазбаның соңғы сөйлемінен басқа бөлігінде еш өзгеріс жоқ еді. Қатысушылардың бір бөлігі соңғы сөйлемді: «Соңғы білгенім, ол мені зорлады» деп оқыса, қалған бөлігі: «Соңғы білгенім, ол мені үйіме жеткізіп салды» деп оқыды.

Кездесудің қалай аяқталғанынан шын хабары барларға өзінің білетінін есепке алмау тапсырылған соң, қатысушылар өздері оқыған соңғы сөйлеммен қоса, бірнеше ықтимал нәтижені болжауға тиіс болды. Жалпы, оқиға әңгіменің екі нұсқасында да бірдей болғанмен, зорлау туралы оқыған қатысушылар «шығарып салу» оқиғасын оқығандарға қарағанда, әйел адамның зорланатынын көбірек болжады. Сонымен қатар, зорлау финалының ықпалына түскен қатысушылар кездесудің ақыры келеңсіздікпен аяқталғаны үшін әйелдің жүріс-тұрысын кінәлауға бейімдік танытты. Мысалы, «ол өзін еркекке сүйгізбеуге тиіс еді» деді олар. Бұл қорытындылардың салдары өте қауіпті. Құрбанның жағдайын түсініп, оған алаңдау үшін біз соның құрбанға айналуындағы көзқарасын түсіндіретін оқиғалар тізбегін ойша тірілте алуымыз керек. Бірақ, көріп отырғанымыздай, оларда бізбен салыстырғанда, өз жүріс-тұрысын бақылап отыратын мүмкіндік болған жоқ.

Біржақты түсінік себептері

Адамдарды не нәрсе біржақты түсінікке мәжбүрлейді? Біржақты түсінік шарасыз нәрсе ме? Эволюциялық психологтардың болжамы бойынша, барлық жануар генетикалық тұрғыдан өзіне ұқсас жануарларға іш тартады. Өздеріне ешқашан ешқандай зиян тигізбесе де, олар жаратылысы өзгеше хайуандардан қауіптенеді. Ғалымдардың ойынша, бізді өз отбасымызды, тайпамызды және нәсілімізді қолдауға итермелейтін биологиялық жан сақтау механизмі де бөтендерді ұнатпайды және олардан қауіптенеді. Біз топтар арасындағы айырмашылық түкке тұрғысыз болса да, өз тобымызға кірмейтін біреуді шетке қағамыз. Осылайша біржақты түсініктің белгілі бір деңгейі табиғи жолмен келеді. Солай бола тұрса да, біздің мәдениетіміз өзіміз көп қадірлей бермейтін біржақты түсініктерді, топтарды анықтауда, соқыр нанымдарымыздың күші мен стереотиптердің мазмұнын анықтауда басты рөл ойнайды. Біз өзімізді біржақты жүріс-тұрысқа бейімдеуші биологиялық процестерді мұра етіп алатын адам баласы болсақ та, әлеуметтік психологтардың басым бөлігі біржақты түсініктің өзіндік ерекшелігі не басқа адамдардың жүріс-тұрысы мен қатынасына еліктеу арқылы, не өзіміздің психологиялық шындығымызды қалай қалыптастыратынымызға орай зерттелуге тиіс деген пікірмен келісер еді.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе

Тарау: 5. Біржақты түсінік

Дәріс: 19. Біржақты түсінік, 2-бөлім

Экономикалық және саяси бәсекелестік

Біржақты түсінік экономикалық және саяси күштер әрекетінің нәтижесі болуы ықтимал. Осы көзқарасқа сәйкес, ресурстардың шектеулі екенін ескере отырып, үстем топ айтарлықтай бірқатар басымдыққа ие болу үшін, аз топты пайдалануға немесе одан бой тартуға тырысуы мүмкін. Уақыт қауырт болып, бірін-бірі жоққа шығаратын мақсаттар арасында келіспеушіліктер бой көрсетсе, бұл мақсаттар экономикалық, саяси немесе идеологиялық мүдделелерді көздесе де, біржақты түсініктер көбейе береді.

Орны ауыстырылған агрессия: «Тұзы жеңіл байғұс» теориясы

Біздің дәуірімізде күнәдан арылтушы теке тіркесі өзі қате жасамаса да, бір нәрсе үшін айыпталған кінәсі жоқ әлсіз адамға қатысты айтылады. «Тұзы жеңілдердің» жалпы бейнесі мына нәрсені айқындайды: адамдар өздері жақсы көрмейтін, ерекше көзге түсетін және бағынышты болмайтын топтарға агрессиясын шығаруға бейім. Сонымен қатар, агрессия өз тобы қолдайтын және мақұлдайтын нәрселерге байланысты.

Өзіндік баға мен беделді қолдау

Өз жүріс-тұрысымыз бен жеке басты ақтап алу мұқтажымызға біржақты түсініктің мығым детерминантасы кіріктірілген. Дәл осы ақтап алу формасы келесі қаталдықты күшейте түсуге қызмет етеді. Ол өзіндік бағаны сақтайды, дегенмен өзіне ұнамаған адамға және топқа қарсы өшпенділікті де өршітеді.

Диспозицияның бұзылуы

Адамдарды жек көру тенденциясында жекелеген айырмашылықтар бар екенін көрсететін фактілер жеткілікті. Басқаша айтқанда, тікелей сыртқы жағдайлар әсерінен емес, сонымен бірге, тұлғаның кім екеніне байланысты да кей адам біржақты түсінікке бейім болып келеді. Теодор Адорно мен әріптестері осындай адамдарды авторитарлық тұлғалар деп атады. Мұндай адамдар өз сенімдерін қатаң ұстауға бейім; олар қарапайым құндылықтарды қадір тұтады; өзінің де, өзгенің де әлсіз болып көрінуін ұнатпайды; жазалауға бейім; күдікшіл; билікті өте қатты сыйлайды.

Біржақты түсінік конформдылық арқылы

Кей адам үшін біржақты түсінік олардың бала кезіндегі бейсаналық қақтығыстарға және жеке қасиеттеріне негізделеді. Кейбір адамдар өз субмәдениетінде бар нормаларға байланысты шектеулі және ерекшелігі тым айқын біржақты түсініктерді сәйкестендіріп алады.

Сонымен қатар, біржақты түсінікке конформдылық нақты фактілердің жоқтығынан да және жаңылыстыратын ақпараттардың басымдығынан да пайда болуы мүмкін. Бұл жағдай адамдарды жалған өсектен туындайтын жағымсыз ұстанымдарды меңгеруіне әкеледі. Тіпті, бірбеткейлікпен күтпеген жерден бетпе-бет келуіміз топқа қатынасымыздағы біржақты түсінік құрбаны болатын ұстанымымыз бен жүріс-тұрысымызға әсер етуі ықтимал. Мысалы, зерттеулер көрсеткендей, біреу топ жайлы айтып жатып, өте аз деңгейде нәсілшілдік және этникалық қорлау белгісін пайдаланса, бұл жайт арқылы топ мүшелерін немесе сол топпен аздаған байланысы бар адамдардың барлығын жағымсыз деп бағалаймыз.